Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

Шығуына 26-шы жыл
№ 135 (6836)
1944 жыл
Жексенбі
9 июль
Жеке саны 20 тыйын

ВКП(б) Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ВКП(б)Петропавл қалалық комитетінің газеті

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

7 ИЮЛЬДЕГІ ҮРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

7 июльде ПЕТРОЗАВОДСКІ қаласының батыс жағында әскерлеріміз бірнеше елді жерді, оның ішінде САРА—ГОРА, РЕККУ-СЕЛЬГА, КОЛАТ-СЕЛЬГА, ВАГА-ЯРВИ елді жерлерін ұрыспен алды.

ПОЛОЦКІ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға басты, сөйтіп 30дан аса елді жерді, оның ішінде 2-ПОРЕЧЬЕ, ПРЫБЫТКИ, СЕЛЯВЩИНА, ЯНКОВИЧИ, БРОДЫ, КОНЮХОВО, ЯМОШЬЕ елді жерлерін алды. ПОЛОЦКІ қаласының оңтүстік жағындағы ормандарда бөлімдеріміз немістердің бір топ солдаттары мен офицерлерін, оның ішінде 246 жаяу әскер дивизиясының командирі МЮЛЛЕР-БЮЛОВТЫ қолға түсірді.

МИНСКІ қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуылды күшейте отырып, Вилейскі облысының аудан орталықтары ОШМЯНЫ қаласын, ОСТРОВЕЦ селосын алды, сол сыяқты 250ден аса басқа елді жерді, оның ішінде КЕМЕРИШКИ, БЫСТРИЦА, СЫМОНЕЛИ, ВОЗДВИЖЕНСКІ, ВОРНЯНЫ, ДУБНИКИ, ЛОША, ГУДОГАЙ, ЦЕХАНЫ, СТРИПУНЫ, БОГДАНОВ, ВИШНЕВ, ТОКАЖИШКИ үлкен елді жерлері мен ОШМЯНЫ, ГУДОГАЙ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

МИНСКІ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, Барановичи облысының аудан орталығы—МИР қаласын алды, сол сыяқты 80нен аса басқа елді жерді, оның ішінде НАЛИБОКИ, БЕРЕГНА, БЕРЕЖНО, ЗАЯМНО, ПЕРЕТОКИ, СИМОКОВО үлкен елді жерлері мен КОЛОСОВО темір жол станциясын ұрыспен алды.

МИНСКІ қаласының шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер бөлімдерін жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Бір күнгі ұрыста немістердің 4 мыңдай солдаты мен офицері жойылып, 3 мыңнан аса адам қолға түсірілді. Жаудан қолға түсірілген адамдардың ішінде немістердің 78 штурмашы дивизиясының командирі генерал-лейтенант Траут бар.

БАРАНОВИЧИ бағытында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 50ден аса елді жерді, оның ішінде САВИЧИ, ЛИХОСЕЛЬЦЕ, ПОДЛЕСЕЙКИ, ЛИТВА, РУСИНЫ, ЛУКИ, КРИВОШИН (Барановичидің оңтүстік-шығыс жағында 7 километр жерде) елді жерлері мен ПОГОРЕЛЬЦЫ, ГОНЧАРЫ, КРИВОШИН темір жол станцияларын алды.

ПРИПЯТЬ өзенінің орта шені ауданында МОЗЫРЬ қаласының батыс жағында әскерлеріміз Пинскі облысының аудан орталығы СТОЛИН қаласын алды, сол сыяқты НАДУБОВО, ЧЕРЕТЯНКА, ЛЮДЕНЕВИЧИ, ЗАГОРБАШЬЕ, ДЕДОВКА, БРОНИСЛАВ, ЗАПРОСЬЕ, ВИЛЬЧА елді жерлерін ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

6 июльде әскерлеріміз немістердің 34 танкін қыйратты жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 25 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ БРЕСТ ЖӘНЕ ДВИНСКІ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАПТАРЫНА ШАБУЫЛ ЖАСАУЫ

7 июльге қараған түнде авиациямыз Брест және Двинскі темір жол торапторына шабуыл жасап, дұшпанның әшелондары мен соғыс складтарын бомбалады.

Брест темір жол торабында шабуыл кезінде немістердің 12 әскери әшелоны тұрған болатын. Бомба соққысымен бірнеше темір жол поезы қыйратылды. Көп өрттер шығып, олардың ішінде күшті 5 взрыв болды.

Бомбалау нәтижесінде Двинскідегі жолаушылар станциясы мен буйым станциясында үлкен өрттер болды. Немістердің темір жол әшелондары мен соғыс складтары жанды. Өрттермен қоса көптеген взрыстар болғандығы, онын ішінде орасан күшті 3 взрыв болғандығы байқалды. Буйым станциясында жанармай қойылған склад талқандалды. Шабуылдың аяқ кезінде өрт жалыны бүкіл темір жол торабын түгелдей алып кетті.

* * *

Полоцкі қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңіп Дрисса өзеніне жетті. Кеңес әскерлері келген бетте өзеннен өтіп, оның оң жақ жағалауындағы табан тірейтін шепті алды. Немістер бөлімшелерімізді ығыстыру үшін әрекеттеніп, әлде неше рет қарсы атакаға шықты, жаяу әскерліміздің жауынгерлік сапында келе жатқан кеңес артиллерияшылары жауға қарсы дәлдеп ок атып, гитлершілдерді тозғындатты. Әскерлеріміз табан тірейтін шепті кеңейте отырып, Конюхово селосын алды, сөйтіп Дисна-Идрица тас жолын кесіп өтті. Бұл учаскедегі ұрыстардың барысында немістердің бір батальондай жаяу әскерлері жойылды.

* * *

Минскі қаласының солтүстік-батыс жағында дұшпан жаңа күштер әкеліп, оларды ұрысқа қосуда. Бүгін алға басушы бөлімдеріміз немістердің 170 дивизиясының майданның бұл учаскесіне жаңадан ғана келген батальонын талқандады. Әскерлеріміз шабуылды күшейте отырып, Ошмяны қаласын алды. Сол сыяқты Вилейскі облысының Островец аудан орталығын және 250ден аса басқа елді жерлерін ұрыспен алды. Толық емес мәліметтер бойынша немістердің 3.000дай солдаты мен офицері жойылды. Жаудан 6 танк, 22 зеңбірек, 130 автомашина және басқа олжа қолға түсірілді. Жаудан көп адамдар қолға түсірілді.

* * *

Минскі қаласының шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жою жөнінде ұрыс қыймылдарын жүргізді. Немістер шебіміздің осал жерін іздестіріп, қоршаудан шығып кету үшін қатты әрекеттенуде. Әскерлеріміз жауға қауырт соққы беріп, дұшпанды бірнеше бөлшектерге бөлді. Жаудың 30 зеңбірегі, 72 минометі, 360 пулеметі, 6 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі жойылды. Немістерден 3 танк, 350 автомашина және әртүрлі жүк тиелген 400 дей автомашина қолға түсірілді. Жаудан бүгін қолға түсірілген адамдардың ішінде немістердің 78-штурмашы дивизиясының командирі генерал-лейтенант Траут бар. Бұл 23 июньде басталған әскерлерімздің шабуылы кезінде қолға түсірілген немістердің онбірінші генералы болып есептеледі.

ҚК(б)П ОБКОМІНДЕ

Ленин ауданының колхоздарында шөп шабу мен шөп сүрлеудің барысы туралы

ҚК(б)П обкомінің бюросы Ленин ауданының колхоздарында шөп шабу мен шөп сүрлеудің барысы туралы ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің секретарі Қожахметов жолдастың баяндамасын тыңдап, Ленин аудандық партия комитеті мен аудандық кеңес атқару комитеті колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығы үшін және колхозшылардың жеке меншігіндегі малдар үшін берік азық қорын жасау жөніндегі ҚК(б)П Орталық комитетінің X пленумы мен обкомнің XI пленумының қаулыларын мүлде қанағаттанғысыз орындап отырғандығын атап көрсетті. Ленин ауданының колхоздары шөп жыйнау науқанына дайындықсыз кірісті, осы күнге дейін шөп машиналардың 36, проценті шөп шабу жұмысына қатысуға тиісті лобогрейкалардың 95 проценті, ат тырнауыштардың 50 проценттен артығы, кең алымды шөп машиналарының 37,5 проценті жөнделген жоқ. Ал ауданның колхозшылары шөп жыйнау науқанын ойдағыдай өткізу ісіне жұмылдырылмаған, соның салдарынан шөп жыйнайтын құралдардың жөнделгендері де көпшілік колхоздар да толық пайдаланылмай отыр. Ал пайдаланылғандары жағайындалған жұмыс мөлшерін орындамайды. Қолмен шөп шабу мүлде ұйымдастырылмаған. Мисалы „Совет" колхозындағы 19 шөп машинасы мен лобогрейканың 12 ғана жұмысқа қосылған, еңбекке жарайтын 200 колхозшының қолмен шөп шабуға бір де бірі шығарылмаған, колхозшылардың 50 проценті тексерілген күнге дейін колхоз өндірісінде жұмысқа қатынаспаған.

„Тропенка Ильича" колхозында жөнделген 6 шөп машинасы осы күнге дейін жұмысқа пайдаланылмай отыр, еңбекке жарайтын 300 адамнан 120 адам жұмысқа қатынаспайды.

Осының барлығы аудан колхоздарын 15 күн ішінде 27,5 мың гектардың орнына 11,5 мың гектар алаңның шөбін шауып, яғный, ҚК(б)П обкомінің тапсырмасының 41 процентін ғана, ал шөп шабу жоспарының 14,5 процентін ғана орындауға әкеліп соқты.

Шөп сүрлейтін құрал мен. траншеяларды әзірлеу ісі ұйымдастырылмаған, өз беті мен шығатын өсімдіктерді сүрлеу ісіне кіріспеген. Шабылған шөптің 50 проценті маяланған жоқ, шөпті мал қораларына тасу ісі жүргізілмеген. Ленин ауданында шөп жыйнау мен шөп сүрлеудің ол секілді олқылықта қалуының себебі: аудандық партия комитеті мен аудандық кеңес колхоздарда не істеліп жатқанын мүлде білмеиді, ал аудан басшылары колхоздарға шыға қалса коммунистерді, комсомолцтерді, колхозшыларды, колхоздың ішкі мүмкіншіліктерін шөп шабу жұмысына толық пайдалануға ұйымдастырмайды, колхоз өндірісінде жұмыс істеп жүрген колхозшылардан еңбек өнімін арттыруды талап етпейді, колхозшылар арасында еңбек тәртібін нығайту жөнінде колхоз басқармаларына көмектеспейді. Бұған дәлел, аудандық партия комитетінің секретарі Қожахметов жолдас ҚК(б)П Обкомінің бюросына ауданда ҚК(б)П обкомының шөп шабу, маялау және сүрлеу жөніндегі тағайындаған графигінің орындалмауының нақтылы себептерін айта алмады, ол тек аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті „нашар басқарды" „байқамады" „естерінен шығарды" деген жалпылама сөздер мен тынды.

ҚК(б)П обкомінің бюросы қаулы етті:

1. Шөп шабу мен шөп сүрлеу ісін қанағаттанғысыз басқарғандығы үшін, мал азығын жыйнаудың күнделік тапсырмасын орындауды қамтамасыз етпегені үшін, шөп шабуға колхозшылар мен тракторшылардың еңбегін нашар ұйымдастырғаны үшін, шөп шабу бригадаларында ұйымдастыру - көпшілік, партия-саяси жұмысының жеткіліксіз жүргізілгені үшін ҚК(б)П аудандық комитетінің секретарі Қожахметов жолдасқа обком бюросы сөгіс жариялады.

2. Обком бюросы ҚК(б)П Ленин аудандық комитеті бюросының ҚК(б)П Обкомінің бірнеше ескертулері мен нұсқауларынан өздері үшін қортынды жасамағандығын, көктем егісі кезінде колхоздарды басқару ісін қайта құруды қанағаттанғысыз жүргізіп және оны шөп шабу кезінде тағы қайталап отырғандығын айта келіп, егер ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің бюросы мал азығын дайындау ісіндегі олқылықтарды тез арада жоймаса ҚК(б)П Обкомі Ленин ауданының басшыларына партия жолымен мейлінше қатты шаралар қолдануға мәжбүр болатындығын ескертті.

3. Обком бюросы ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің бюросына, оның секретарьлары Петров және Қожахметов жолдастарға, еңбекшілер депутаттарының аудандық кеңесі атқомына шөп шабу және оны маялау жоспарын осы жылдың 25 июліне дейін сөзсіз орындауды қамтамасыз етуді міндеттеді, ол үшін:

а) 5 күн мерзім ішінде колхоздардағы барлық шөп жыйнайтын машиналар мен лобогрейкаларды жөндеу ісі аяқталсын.

б) жөнделген барлық шөп жыйнайтын машиналар мен лобогрейкалар дереу жұмысқа қосылып олардың жұмыс өнімділігін арттыру қамтамасыз етілсін.

в) шөп шабу, оны маялау жоспарын көрсетілген мерзімде орындау үшін колхоздарға бұдан бұрын берілген күнделік тапсырмалардың графигі қайта қаралсын. Мұнда әрбір колхоздың барлық мүмкіншіліктері толық пайдалануы ескерілсін.

г) колхоздарда шөпті қолмен шабу бригадаларын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

д) кең алымды шөп машиналары мен шөп турайтын машиналардың жұмыс өнімділігін арттыру жөнінде МТС директорларының жауапкерлігі күшейтілсін. Сөйтіп кең алымды әрбір шөп машинасымен ең кемі 900 гектар алаңның шөбі шабылатын болсын.

е) шөп шабу мен маялаудың арасындағы алшақтыққа жол бермеу үшін керекті барлық шаралар қолданылсын, мал қораларына шөп тасу ісі жеделдетілсін. Колхоздарда шабылған шөпті өлшеу және есепке алу ісі тәртіпке қойылсын.

ж) әрбір колхозда шөп сүрлейтін ұралармен траншеялар әзірлеу және шөпті сүрлеу жөнінде бригадалар ұйымдастырылсын.

4. ҚК(б)П обкомінің бюросы ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің бюросы мен аудандық кеңес атқомінен колхоздарда еңбек ұйымдастыру мен еңбек тәртібін жақсартуды талап етті.

5. Шөп шабу бригадаларында көпшілік—ұйымдастыру және партия-саяси жұмыс күшейтілсін, әрбір бригадада листовкалар шығару, үнемі газет, журналдар оқу жұмысы уақытылы жүргізілсін. Шөп шабу, маялау, оны мал қораларына тасу жұмысына қатыстыру үшін колхоздардың коммунистері мен комсомол ецтерінің ең кемі жартысы шөп шабу бригадаларына жіберіліп олардың жұмыс мөлшерін сөзсіз орындауы талап етілсін.

6. Осы жылғы 17 июльде ҚК(б)П Обкомі бюросында ҚК(б)П Ленин аудандық комитеті мен аудандық кеңес атқомінің осы қаулысы орындауы жөнінде баяндамасы тыңдалсын.

ЕГІННЕН МОЛ ӨНІМ АЛУ ҮШІН КҮРЕС— ЖЕҢІСІМІЗ ҮШІН КҮРЕС!

Алдыңғы қатарлыларға теңелейік

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден). Преснов ауданының «Сарман» ауыл шаруашылық артелінде (председателі Арғынбаев жолдас) егіннің арам шөбін отауға күн сайын 65 адам шығады. Олар күніне 20—21 гектар егіннің арам шөбін отайды. Әсіресе Сейтақметова, Сексенбаева, Құсайнова және Рахина жолдастар өнегелі еңбек етіп, тапсырманы үнемі асыра орындаумен, стахановшылар қатарына қосылды.

Егіннің арам шөбін отауды үлгілі ұйымдастырғандардың бірі — «Тау арай» колхозы. Бұл колхозда егіннің арам шөбін отаушылар отан соғысының мүгедегі Жолаушин жолдас басқарып жүр. Мұнда 200 гектардай егін арам шөптен тазартылды.

Алайда, ауданның кейбір колхоздарында егіннің арам шөбін отау жұмысы ұмыт болып отыр. Мәселен «Үзын көл» колхозында (председателі Қазиев жолдас) осы уақытқа дейін егіннің арам шөбін отау жұмысы қолға алынбаған. «Красное знамя» колхозының басшылары және оның бұрынғы председателі Бейсекеев егіннің арам шөбін отауды тікелей керенаулыққа салды. Егінді күту жұмысын ұйымдастырмады. Осының салдарынан бұл колхозда егінді күту сияқты аса маңызды жұмыс әлі күнге дейін өріс алмай отыр.

Бұл колхоздардың басшылары егінді күтудегі алдыңғы қатарлы колхоздардан үлгі алып, егіннің арам шөбін отауды үлгілі ұйымдастыруға міндетті.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

728 ГЕКТАР ЕГІННІҢ АРАМ ШӨБІ ОТАЛДЫ

Соколов ауданындағы «Красный Восток» ауыл шаруашылық артелі жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырды. Егіс алаңындағы арам шөпті отауда тапсырманы мүлтіксіз орындау үшін социалистік жарысқа барлық колхозшылар тегіс ұштасты. Осының нәтижесінде колхоз 728 гектар егіс алаңын арам шөптерден толық тазартты.

Егінді күту, баптау жұмыстарында, әсіресе, Тамара Гуспетова жолдастың басқаруындағы мол өнімшілер звеносы айтарлықтай жұмыстар істеді. Звено мүшелері өздеріне бөлініп берілген егіс алаңының арам шөптерін екі рет отап шықты. Тамара Гуспетова жолдастың звеносы тапсырманы ойдағыдай орындап қана қойған жоқ, сондай-ақ ол басқа звеноларға да көмек көрсетті.

М. ЖЕТІБАЕВ,

ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ӘЗІРЛЕНУДЕ.

Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоз быйыл егін жыйнау науқанына тамаша әзірлікпен кіріспек. Қазір колхозшылар 5 лобогрейка, 12 арба тағы басқа құралсаймандарды толық жөндеп, 40 айыр жасап шығарды.

Т. ЕСЕНОВ.

КОМБАЙНДАР ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ӘЗІР БОЛСЫН

ПОЛУДЕНЬ АУДАНЫНДАҒЫЛАР БЫЙЫЛ ЕГІН ЖЫЙНАМАЙ МА ЕКЕН?

ПОЛУДЕНО, (Телефон арқылы). Облысымыздың егіс далаларындағы жайқалып өскен мол егінді ора бастайтын күн жақындап қалды. Үшінші соғыс егінінің бірде-бір дәнін ысырапқа ұшыратпай, деркезінде жыйнап алу ісінде комбайндар ерекше роль атқарады.

Алайда осы болат машиналарды егін жыйнау науқанына әзірлеуде Полудень ауданы мүлде артта қалды. МТС басшылары «егін пісіп, оны оруға кірісетін кезең әлі алда, бір ай бар» деп арқаны кеңге салады.

Новогеоргиевскі МТСсында (директоры Кравцун жолдас) комбайндарды жөндеу ісі мемлекеттік жоспар бойынша 15 майда басталуға тиісті еді. Бірақ бұл іс тек 10 июнь де ғана басталып, 39 комбайнның күні бүгінге дейін небары алтауы ғана жөнделді. Ал басқа комбайндардың әлі онекі де бір нұсқасы жоқ. МТСтың мұншама артта қалушылығының сыры ең алдымен еңбек ұйымдастыру жұмысы мен комбайншы жұмысшылардың арасында еңбек тәртібінің нашарлығында болып отыр. Оған дәлел, комбайн жөндеуге жұмыс жоспары бойынша 78 адам қатысу орнына, небары 38 адам ғана қатысып жүр. Ал басқа комбайншылар әлі осы күнге дейін колхоздарда бөгде жұмыстармен айналысып жүр. Тіпті өткен жылы егін жыйнау жұмыстары аяқталғаннан бері МТСқа мүлде келмей отырған комбайншылар да жоқ емес.

—Комбайн жөндеуге қатысуға тиісті адамдарды МТСқа деркезінде жіберу ісіне колхоз басшылары жеңіл-желпі қарап отыр,—дейді Кравцун жолдас.—Мәселен, «Пламя революции» колхозы (председателі Сивах жолдас) тапсырма бойынша МТСқа 4 комбайншы жіберудің орнына небары 2-ақ комбайншы жіберді. Олардың өзіде жұмысқа табаны күректей 25 күн кешігіп келді. «Степан Разин» атындағы колхоздың председателі Сидоров жолдас өз комбайншыларын тек 30 июньде ғана жөнелтті. Ал «Победа» колхозынан жоспар бойынша 4 комбайншы орнына осы уақытқа дейін небары 2 комбайншы ғана келді. Міне сондықтан да бізде комбайн жөндеушілер мейлінше аз болып отыр.

Турасын айту керек, колхоздардан келуге тиісті комбайншылардың МТСқа толық келмеуі жөнінде колхоз председательдерімен бірге Кравцун жолдастың өзі де кінәлі. Өйткені ол июнь айының бас кезінде комбайншыларды МТСқа жіберу жөнінде барлық колхоздарға бір-бірет қатынас жазумен ғана тынды. Бұдан соң Кравцун жолдас колхоздарға барып, ол тапсырманың орын далу барысын тексермеді, комбайн жөндеу жұмысын бетімен жіберді.

Комбайндарды егін жыйнау науқанына әзірлеуде масқара артта қалушылықтың тағы бір себебі-комбайн жөндеуші жұмысшылардың арасында үгіт-насихат жұмыстары мүлде жүргізілмейді деуге де болады. МТСта қағаз жүзінде үгіт бригадасы бар көрінеді. Бірақ бұл бригада осы күнге дейін нәтижелі іс істеген жоқ. Тіпті МТС жұмысшылары үгітшілердің бар екенін де білмейді.

Бұл сияқты жағдай Полудень МТСында да бар. Комбайн жөндеу жұмысының барысы Полудень МТСында тіпті баяу. Бұл МТСта жоспар осы күнге дейін небары 10—15 процеттей ғана орындалды.

Жаппай егін орағына кірісетін уақыт жақындап қалды. Аудан, МТС басшыларының бүгінгі таңдағы басты міндетті—комбайн жөндеу жұмысын тез әрі сапалы аяқтау болып саналады. Бұл үшін Полудень ауданында барлық мүмкіншіліктер бар. Аудан МТСтарында комбайн жөндеуде іс үлгісін көрсетіп жүрген таңдаулы жұмысшылар мен бригадалар да бар. Тек осылардың іс тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдырып, комбайн жөндеу жұмыстарына нақтылы, іскер басшылық жасау керек.

М. ӘБІЛХАНОВ.

Үлгілі комбайншылар

Қыялы астық совхозының трактористі Байәділов жолдас көктем егісі кезінде «ЧТЗ» тракторымен 547 гектар орнына, 944 гектар жер жұмыстап және 422 килограмм жанармайын үнемдеп үлгі көрсетті.

Байәділов жолдас совхозда егіс жұмысы аяқталысымен комбайн жөндеуге кірісті. Ол комбайн жөндеуде тапсырманы мүлтіксіз және сапалы орындап отырды. Осының нәтижесінде Байәділов жолдас өзіне берілген комбайн агрегатын мерзімінен бұрын жөндеп, енді екінші бір агрегатты жөндеуге кірісті.

Байәділов жолдас пен жарысқа түскен Булавкин және Алышевский жолдастар да комбайн жөндеуде едәуір табыстарға жетті, бұлар өз комбайндарын жөндеп болып, басқа агрегаттарды жөндеуге кірісті.

В. БОБЫЛЕВ,

Жылдық жоспарды орындады

Интернационал машина-трактор станциясының (Мамлют ауданы) трактористері социалистік жарыста көрнекті табыстарға жету үшін ат салысуда. Олар егін даласында жан аямай еңбек етіп жүр.

Колхоздың егін даласында көрнекті еңбек етіп жүрген Матвей Дудниченко, Василий Карпенко, Елизавета Могунова, Зинайда Чушкина және Елизавета Тонких жолдастар қазірдің өзінде өздеріне тапсырылған бұл маусымдық жұмыс жоспарын артығымен орындап шықты. Олардың әр қайсысы дөңгелекті тракторлмен 154 гектар жер жұмыстады.

Осы мерзімде трактористі В. Карпенко жолдас-545 килограмм, Чушкина жолдас-243 килограмм және Дудниченко жолдас-205 килограмм жанар май үнемдеді.

Р. СҰЛТАНОВ.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы Командованиесі штабының таңертеңгі хабары

ЛОНДОН, 7 июль. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы Командованиесі штабының бүгін таңертең жарияланған хабарында былай делінген:

Ла-э-Дю-пои үшін ұрыстар әлі болып жатыр. Карантан-перье жолының шығыс жағына таман Сентени бағытында алға бастық. Қан секторында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Авиациямыздың ірі күштері кеше, 6 июльде түстен кейін дұшпанның қатынас жолдарына бұрынғыша шабуыл жасауда болды. Париж бен Вьерзон аралығындағы ауданның шығыс жағындағы және осы ауданның батыс, солтүстік-батыс жағынан Бретани мен майдан болып жатқан жерге дейінгі соғыс орындарына шабуыл жасалды.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы Командованиесі штабының кешкі хабары

ЛОНДОН, 7 июль. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы Командованиесі штабының кешкі хабарында былай делінген:

«Одақтастар әскерлері Карантан-Перье жолының бойымен оңтүстік-батысқа қарай едәуір алға басты. Әскерлеріміз Вир өзенінің ар жағын да табан тірейтін азғана жерді алды. Авиация 7 июльде теңіз жағалауы үстінде барлау жүргізумен ғана тынды.

Италиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 7 июль. (ТАСС). Одақтастардың Италиядағы әскерлері бас штабының хабары бойынша, дұшпан майданның бүкіл ен бойында одақтастар әскерлеріне қатты қарсылық көрсетуде. Дұшпан хақытты пайдалануға тырысып, қарсы атакаға шығуда және елді жерлер мен ашық алаңдарды бекініске айналдыру үшін барлық мүмкіншіліктіпайдалануда. Американың 5-армиясының бөлімдері Росиньяно-Маритимо қаласының (Ливорноның, оңтүстік-шығыс жағында) үштен екісін алып тұр. Теңіз жағалауындағы секторда одақтастар әскер түсіре алса оған қарсы тұру үшін дұшпан Ливорноны бүркемелеп тұратын бекіністерін күшейтуде.

Одақтастар әскерлері Ареццо төңірегінде едәуір алға басты. Адриатика секторында дұшпанның қарсы атакалары тойтарылды.

Түзету

Газетіміздің 7 июльдегі 133 санында басылып шыққан „Совет ауданындағы Совет астық совхозы комбайншыларының Солтүстік Қазақстан облысының барлық комбайншылары мен комбайншы әйелдеріне үндеуінің" жоғарыдан санағанда 3-абзацының бірінші сөйлемін „майданшыларымыздың батырлық істері тыл қызметшілерінің қажірлі еңбегімен бұрынғыдан да тығыз ұштасуда" деп оқуларын газет оқушылардан сұраймыз.

РЕДАКЦИЯ.

Жауапты редактордың орынбасары Қ. ӘЛІМБАЕВ.

Редакцияның адресі: ҚҚСР. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 12 Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 00492.